

Шарбақты аудандық мәслихатының 2014 жылғы 28 сәуірдегі "Атаулы күндер мен мереке күндеріне орай алушылардың жекелеген санаттары үшін әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу туралы" № 130/44 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Шарбақты аудандық мәслихатының 2019 жылғы 24 мамырдағы № 194/57 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 5 маусымда № 6404 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Шарбақты аудандық мәслихатының 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 280/83 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Шарбақты аудандық мәслихатының 11.12.2020 № 280/83 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-3 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік Қағидаларын бекіту туралы" № 504 қаулысына сәйкес, Шарбақты аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шарбақты аудандық мәслихатының 2014 жылғы 28 сәуірдегі "Атаулы күндер мен мереке күндеріне орай алушылардың жекелеген санаттары үшін әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу туралы" № 130/44 шешіміне (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3776 болып тіркелген, 2014 жылғы 1 мамырда аудандық "Маралды", "Трибуна" газеттерінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармақта:

екінші абзацтағы "150000 (жүз елу мың) теңге, сондай-ақ азық-түлік жиынтығына 5000 (бес мың) теңге сомасында" сандарымен сөздері "500000 (бес жүз мың) теңге, сондай-ақ азық-түлік жиынтығына 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде (бұдан әрі – АЕК)" сандарымен сөздеріне өзгертілсін;

төртінші абзацтағы "айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК)" сөздері "АЕК" қысқартылған сөзіне өзгертілсін;

жетінші абзацтағы "10 АЕК" сандарымен қысқартылған сөзі "50000 (елу мың) теңге" сандарымен сөздеріне өзгертілсін;

сегізінші абзацтағы "10 АЕК" сандарымен қысқартылған сөзі "50000 (елу мың) теңге" сандарымен сөздеріне өзгертілсін;

он бірінші абзацтағы "10 АЕК" сандарымен қысқартылған сөзі "50000 (елу мың) теңге" сандарымен сөздеріне өзгертілсін;

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Шарбақты аудандық мәслихатының тұрақты комиссияларына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Аудандық мәслихат хатшысы

Л. Маринко

С. Шпехт